

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы**

**«БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кредит саны – 2

**«7М05101-Биология, 7М05109-Биотехнология, 7М05102-Биомедицина,
7М05113-Нейроғылым, 7М05112-Геоботаника, 7М08402-Аквакультура
және су биологиялық ресурстары», 7М05204 Қоршаған ортаны
геокеңістік басқару, 7М05119 Репродуктивті генетика, күндізгі, 7М05116
Микробиология, күндізгі, 7М05105 Генетика, күндізгі,**

2023-2024 оқу жылы

Алматы 2024 ж.

БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМА

Емтиханға арналған тақырыптары: Басқару психологиясы пәні бойынша қорытынды емтихан **УНИВЕР ЖҮЙЕСІНДЕ ТЕСТ** түрінде өткізіледі. Тест сұрақтарының барлығы силлабус бойынша 15 аптада оқытылған дәріс, семинар, студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалардың тақырыптарына сәйкес құрастырылған. Емтиханға шығарылатын оқу тақырыптары: Емтиханға силлабуста берілген тақырыптар беріледі. Тақырыптық мазмұндар барлық жұмыстарды қамтиды: дәрістер тақырыптары, магистранттардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары.

Оқыту нәтижелері:

Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

-басқару іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде және заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігін, тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін, басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілерін талдау арқылы басқару жүйесі және басқару психологиясына тән негізгі ұғымдар туралы теориялық білімдерін қалыптастыруға;

-басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілерін, басшының тұлғасын, қызметтік қатынастар мен байланысты, басқару стилін, ұйымдық іс-әрекеттер, топтық динамика, өзгерістер мен жаңалықтарды, ұйымдардағы адамгершілік мәселесін, оның өлшемі мен деңгейін анықтау арқылы басқарудың табиғатын түсіну мен мамандығы бойынша кездескен түрлі кедергілерді шешу үшін альтернативтер ұсына алады, топтық құрылым мен оның динамикасы туралы ұсыныстар бере алуға;

-іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясын, лидерлік дағдыларды түсіну және қолдануды, лидерлік және мотивация мәселесін, ұйымдағы қызметкерлердің қанағаттануы және гармония табуды, ұйымда эмоциялық күйді басқаруды түсіну арқылы басқару жүйесінің табиғатын анықтауға арналған психологиялық зерттеу әдістерін қолдану мен басқару саласында жинақтаған теориялық білімін практикада жүзеге асыра алуға;

-ұйымдық коммуникацияны, мәдениетаралық коммуникация психологиясын, ұйымның корпоративтік мәдениетінің психологиялық табиғатын талдау арқылы басқару іс-әрекетінің негізін түсінуге бағытталған басқару процесінің классификациясын жасау және басқару іс-әректі және басқару жүйесі кезеңдерін классификациялауға;

-тұлғаның Мен-концепциясы және іскерлік мансапты, тұлға және ұйымдағы іскерлік мансапты ұйымдастыруды, мамандығы бойынша кездескен түрлі кедергілерді шешуді, ұйымдағы конфликт және конфликтілі мінез-құлық модельдерін талдау арқылы басқару жүйесінің субъектілерінің белсенділігі мен реттеуші механизмдері жайлы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған психологиялық жоба және бағдарлама құрастыру және оларды өз кәсіби даму кезеңдерінде қолдана алуға.

Емтиханға дайындалу үшін емтихан тақырыптарының тізімі

1. Басқару психологиясына кіріспе және даму тарихы және зерттеу әдістері
2. Заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігі. Тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері.
3. Басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілері
4. Басшының тұлғасы ұйымды басқарудың субъектісі ретінде
5. Жеке тұлғалар арасындағы қатынастар және қызметтік қатынастар мен байланыс.
6. Ұйымдық іс-әрекеттер, топтық динамика, өзгерістер мен жаңалықтар
7. Тұлға аралық және ұйымдағы қарым-қатынасты түсіну

8. Іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясы
9. Лидерлік дағдыларды түсіну және қолдану
10. Ұйымдағы қызметкерлердің қанағаттануы және гармония табу. Ұйымда эмоциялық күйді басқару
11. Ұйымдық коммуникация
12. Мәдениетаралық коммуникациясы психологиясы
13. Ұйымның корпоративтік мәдениеті
14. Тұлғаның Мен-концепциясы және іскерлік мансап. Ұйымдық тәртіп және тәртіп орнатудағы мәселелер, ұйымдардағы мотивация.
15. Ұйымдағы конфликт. Конфликтілі мінез-құлық модельдері

Әдебиеттер және ресурстар

1. Ахтаева Н.С., Абдигаппарова А.И., Бекбаева З.Н. Басқару психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Қалымбетова Э.К., Баймолдина Л.О. Басқару психологиясы. – А.: Қазақ университеті, 2019. – 220 б.
3. Психология управления: учебное пособие для магистрантов / О.Г. Беленко — Алматы: CyberSmith, 2021. - 288 с.
4. Захарова Л.Н. Психология управления : учебное пособие / Л.Н. Захарова. - Москва: Логос, 2020. - 376 с.

Интернет-ресурстар:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. Библиотека - <http://www.koob.ru>
3. Библиотека психологии - <http://psylib.myword.ru>
4. Российский студенческий портал – <http://www.x-student.ru/>

ЕМТИХАНҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Емтихан – тест

Емтихан форматы-онлайн

Тестілеу Univer жүйесінде өткізіледі.

Емтихан уақыты: 90 минут (1.5 сағат)- 40 тест сұрағы беріледі.

Тапсыру күні мен уақыты: емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады

Минималды техникалық талаптар: интернеттің болуы және Univer жүйесіне кіру.

Пән бойынша баға қою критерийлері: Тест бойынша жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде автоматты түрде Univer жүйесінде бағаланады